Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 31.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.05.2024, судья Рүстем Б. М., 04.06.2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 қаңтар іс №5165-23-00-2/3080 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
«ЭльСтрой LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор Н.Шалов.
талап қоюшы өкілі І.Балтабай.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылдың 7 маусымында тараптар арасында №37 санды «Түлкібас ауданы, Рысқұлов ауылдық округі, Шұқырбұлақ ауылына ауыз су ұңғымасын қазу» жұмысы бойынша және 2022 жылдың 7 маусымында тараптар арасында №38 санды «Түлкібас ауданы, Кемербастау ауылдық округі, Жәрімбетов ауылына ауыз су ұңғымасын қазу» жұмысы бойынша құрылыспен байланысты емес мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарттар) түзілген. Шарттардың әрекет ету мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейін деп белгіленген.

Талап қоюшы сотқа Шарттар бойынша міндетемелерін орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрап сотқа талап қоюымен жүгінген.

5165-23-3-1/3358

Соттың 2024 жылғы 23 қаңтардағы ұйғарымымен осы іс бойынша талап қоюшының жауапкерге орташа жөндеу жұмыстарын аяқтауды міндеттеу туралы талабы қараусыз қалдырылған.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде, талап қоюмен келіспейтіндігі туралы көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі І.Балтабай талап қоюды толығымен қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер себепсіз сотқа келмеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігінің талаптарына сай, сот істі келмеген жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Прокурор Н.Шалов талапты қанғаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттардың әрекет ету мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған.

Сотта нақты анықталғаны Шарттар бойынша жауапкер жұмыстарды толық атқармаған, яғни №37 Шарт бойынша 2 234 191 теңгеге және №38 Шарт бойынша 3 767 801 теңгеге қалған жұмыстар осы күнге дейін орындамаған, ал шарттардың қолдану мерзімі өтіп кеткен. Талап қоюшы талапты сотқа Заңда көрсетілген мерзім ішінде берген.

Шарттардың 5.2. тармағына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Осы аталған талап бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Сот талапкердің осы талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.05.2024, судья Рустем Б. М., 04.06.2024
5165-23-3-1/3358

№2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сай борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқан да, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Келісім шарттардың 8.3. тармағына сай шарт бойынша міндеттерін тиісінше орындамаған үшін мерзімі өткен әрбір кешіккен күнге шарттың орындалмаған сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл көзделген.

Талапкер талап арызда жауапкерден 2022 жылдың 7 маусымдағы №37 санды Шарт бойынша орындалмаған сома 2 234 191 теңгеден х 0,1% х 26 күнге) 58 084 теңге және 2022 жылдың 7 маусымдағы №3 санды Шарт бойынша орындалмаған сома 3 767 801 теңгеден х 0,1% х 26 күнге) 97 942 теңге, жалпы 156 026 теңге тұрақсыздық сомасын өндіруді сұраған. Тұрақсыздықтың сомасы Шарттарға сәйкес дұрыс саналған.

Осыған орай, сот талаптың бұл бөлігі қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, тараптар сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының талап қою арызы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ЭльСтрой LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЭльСтрой LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 156 026 (бір жүз елу алты мың жиырма алты) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 6 405 (алты мың төрт жүз бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.05.2024, судья Рустем Б. М., 04.06.2024
5165-23-3-1/3358

алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 31.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.05.2024, судья Рүстем Б. М., 04.06.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»